

● БРИФИНГ

ЕМДЕЛУШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ АШЫЛДЫ

Кеше «Сыр медиа» ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлиязарова ағымдағы жылдың он айында салада атқарылған жұмыстарды саралады.

Биыл облыс бойынша туу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 26,83-тен 27, 29-ға жоғарыласа, табиғи өсім 1000 адамға шаққанда 21,31-ден 20,79-ға төмендеген. Десе де, салада жүргізілген жұмыстар нәтижесінде өмір сүру ұзақтығы 70,6-дан 70,8 жасқа жетсе, жалпы өлім көрсеткіші 1000 адамға шаққанда өткен жылмен салыстырғанда 3,9-дан 3,6-ға төмендеген. Ал ағымдағы жылдың есепті мерзімінде аймақта 16086 нәресте дүниеге келіп, былтырмен салыстырғанда 889 сәбиге төмен туылған.

– Ана мен бала өлім-жітімін айтар болсақ, сәби өлімі 1000 тірі туылған нәрестеге шаққанда 9,6 промилль болып өткен жылмен салыстырғанда 10,2 пайызға төмендегені байқалады. Аталған мерзімде аймақта алты ана өлімі тіркелді,– деген басқарма басшысы ана өлімінің негізгі себептерін жүктіліктен тыс ауруларының болуымен байланыстырады. «Бұл дегеніміз туу жасындағы аналарымыздың денсаулығының нашарлығын көрсетеді» деген Ақмарал Шәріпбайқызы осыған орай барлық емдеу ұйымдарының күндізгі стационарларында болашақ аналар денсаулығын сауықтыру мақсатында гинекология тәсілдерін барынша кеңінен қолдану, облыстық перинаталды орталығынан босанғаннан кейінгі сауықтыру шаралары үшін 30 төсектік орын ашуды қолға алынғанын айтты.

Есепті мерзімде облыстық перинаталды орталық жанынан ашылған генетикалық орталықта жалпы саны 9013 зерттеу жасалған. Қазіргі уақытта республикалық деңгейде жасалатын тың әдістің енгізіліп жатқаны да белгілі болды. Ол әдіс жатырдағы нәрестенің денсаулығын тексеруге мүмкіндік береді. Яғни, сәби саулығын алдын ала тексеру арқылы түрлі ақаулардың алдын алып, өлім көрсеткіштерін төмендетуге септігін тигізбекші.

ОБЛЫС СПОРТЫ СЕРПІНДІ ДАМУДА

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафев биылғы жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысы жайлы және алдағы міндеттер туралы баспасөз мәслихатын өткізді.

Оның айтуынша, облыста дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын тұрғындар үлесі 25,3 пайызға жетті. Халықтың жаппай бұқаралық спортқа ден қоюына бюджеттен 106,3 млн. теңге бөлініп, 263 спорт нұсқаушысы 133 елді мекенді қамтып, 41580 адамды тұрақты дене шынықтырумен шұғылдануға баулып келеді. Бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 1407 бұқаралық-спорттық шара өткізіліп, оған 370 086 адам қатысқан. Ал халықтың спорттық нысандарға деген қолжетімділігін арттыру мақсатында Нағи Ілсовс ауылында осы ауылдың инвесторы қаржысына стадион мен спорт кешені биыл қолдануға берілсе, Қазалы, Жаңақорған аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынды. Сондай-ақ, ұлттық ат спорты түрлерін дамыту мақсатында 3000 орындық ипподром пайдалануға берілді. Бұған қоса Қазақстан бокс федерациясының қаржысына қаламызда бокс орталығы салынды. Мұның барлығы мемлекет пен жекеіні әріптестігі негізі аясында салынған спорт нысандары.

Жыл басынан бері аймақ спортшы-



Облыста қан айналым жүйесі ауруларымен аурушандық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 1183,1-ден 1113,9-ға төмендеген. Осы орайда басқарма басшысы қан айналым жүйесі ауруларынан болатын ауыр зардаптар мен одан болатын өлім-жітімнің алдын алу және науқастардың толыққанды еңбекке жарамды болуын қамтамасыз ету мақсатында барлық жеті ауданның кардиостандарттармен (Тредмил тест, Холтер-мониторы, ЭХО кардиограф) қамтамасыз етілетінін жеткізді. Бұл қондырғылармен ауруды ерте сатысында анықтауға болады. Мәліметтерге сүйенсек, соңғы төрт жылда 3599 коронаграфия жасалып, жоспарланған оталардың 80 пайызын құраса, қан тамырларына – 990 стент қойылған. Облыста екі мамандандырылған кардиобригада жұмыс атқарады. Олар өткір инфаркт науқастарын облыстық кардиоорталыққа тасымалдап, 12 сағатқа дейін инфаркт ошағына стент қойылады.

Катерлі ісіктермен аурушандық көрсеткіші бойынша облыс көлемінде есепті мерзімде 4372 наукас анықталып, белсенді түрде жүргізілген скринингтік тексерудің есебінен біршама артқаны байқалады. Қазіргі уақытта басқарма басшысының айтуынша, онкологиялық ауруларды ерте сатысында анықтау және өлім көрсеткішін төмендету мақсатында облыстық онкология орталығын заманауи «экспертті класты» медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қарастырылуда. Бұл өз кезегінде катерлі ісіктерге ота жасаудың

тың әдістерін енгізуге әкелмек. Сонымен қатар, катерлі ісікке шалдыққандарға 15 төсектік паллиативтік көмек көрсететін хоспис ашу да көзделуде.

Өңірде туберкулезбен аурушандық және онан қайтыс болу көрсеткішінің төмендеу қарқыны байқалады. Атап айтқанда, ағымдағы жылдың 10 айында 100 мың тұрғынға шаққанда өкпе дертімен аурушандық көрсеткіші 62,3 болып отыр. Өткен жылы бұл көрсеткіш 66,1-ді құраған. Өлім-жітім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 2014 жылмен салыстырғанда 4,8-ден 3,6-ға төмендеген.

Есепті мерзімде 445 науқасқа жоғары медициналық көмек көрсетілген.

Жалпы, денсаулық сақтау саласына соңғы үш жыл көлемінде бөлінген қаржы 58 пайызға өссе, күрделі шығыстарға бөлінген қаржы көлемі 86 пайызға артып, жан басына шаққандағы қаржы көлемі республикалық көрсеткіштен жоғары деңгейді көрсетіп отырғаны белгілі болды.

Брифингте, сондай-ақ, басқарма басшысы есепті кезеңде саладағы арыз-шағымдардың саны өткен жылмен салыстырғанда 51 пайызға өскенін айтты. Арыздардың 42 пайызы сапасыз медициналық қызмет көрсетуден болғанын да жасырмады.

– Өздеріңізге белгілі, денсаулық сақтау саласы тікелей тұрғындардың денсаулығымен тығыз байланысты. Сондықтан біздің салаға қатысты түрлі пікірлердің туындауы заңды құбылыс. Біз өз тарапымыздан халыққа медициналық қызмет көрсетуде жағамшыл бастамаларға қашанда әзірміз. Айтылған сын-пікір, ұсыныстар саланың өркендеуіне қосқан үлес болмақ, – деген басқарма басшысы Ақмарал Әлиязарова әрбір емдеу ұйымдарында «Пациенттердің құқығын қорғау» қызметінің және облыстық медицина орталығы жанынан ашылған «Call» орталықтың саланы тұрғындарға жақындата түсетініне сенімін білдірді және бұл қызметтердің барлығы салаға қатысты арыздарды шешуде «Осы жерде және дәл қазір!» ұранын басшылыққа алатынын, сондықтан осы қызметті қарқынды түрде дамыту уақыт талабы екенін жеткізді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

● 9 ЖЕЛТОҚСАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮНІ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

2004 жылғы 9 желтоқсанныан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күнін халықаралық ұйымдар атап өтуде. Біздің еліміз де 2008 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес конвенциясына қосылып, оның шарттарын жүзеге асыруда. Жемқорлыққа қарсы тікелей іс-қимыл жүргізетін органның жұмысы қандай деңгейде, жауапты міндетті қалай атқарып жатыр деген сауал тойіңрегінде газет тілшісі Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Мұрат Қарымсақовпен тілдескен еді.

– Мұрат Секешұлы, сыбайлас жемқорлық қазіргі қоғамда аса бір көкейтесті мәселе. Мұның алдын алудағы соны мүмкіндіктерді қалай саралауға болады?

– Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күні биыл әлемде 11-рет аталып өтуде. Кез келген дамыған қоғамда жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу – бірден-бір күрделі және маңызды мәселе. Мемлекет басшысы осы қауіпті құбылысқа қарсы тұруды басты мақсат етіп айқындады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы түру еліміздің мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық басымдылығы ретінде қаралып, оған қарсы құқықтық база қалыптастырылды. Қазақстан Орталық Азия ғана емес, ТМД бойынша да жемқорлыққа қарсы мықты дамыған заңнамасы бар ел болып табылады.

Елбасы Қазақстан халқына арнаған әр Жолдаудында жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге баса назар аударуда. Бұл ретте 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы қабылданды. Тарихи кезеңнің бірі – Елбасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізіп, мемлекеттік органдардың сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін жаңа арнайы органды құру туралы саяси шешім қабылдауы болды. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да сыбайлас жемқорлық мәселесі қамтылды. Ал 18 қарашада Мемлекет басшысы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға қол қойды.

– Жаңа Заңның қолданыстағы Заңнан өзгешелігі қандай?

– Қол қойылған Заңдар Мемлекет басшысы айқындаған 5 институционалдық реформа, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша бағдарламаны іске асырудың маңызды серпіні болып табылады. Оны әзірлеуде Финляндия, Ұлыбритания, Норвегия, АҚШ, Бельгия, Франция, Германия, Австралия, Австрия, Швейцария және өзге де мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәжірибесін зерделеу бойынша көлемді жұмыс атқарылды. Бұл заңдар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлықтың көріністерінен қорғау деңгейін арттыруға бағытталған.

Жаңа Заң қолданыстағы Заңнан түбегейлі ерекшеленеді. Ол үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық қатерлерді талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу сияқты жаңа институттарды енгізу арқылы бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тарту қарастырылған. Онда нормаларды және қызметтік этика ережелерін бұзуды сыбайлас жемқорлық құқық бұзшылықтан шектеу мақсатында тәртіптік жауапкершілік алынып тасалды. Енді сыбайлас жемқорлық субъектілерінің жауапкершілігі қылмыстық және әкімшілік заңнама арқылы қарастырылатын болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде агенттіктің үйлестіруші ролін белгілеу маңызды жаңалықтардың бірі болып табыласа, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылдау және біркәрт заңнамалық актілерге тиісті түзетулер енгізу сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азаматтық қоғам мен бизнестің күш-қуатын пайдалануға

және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Жаңа Заңның негізгі басымдылығы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу десек, өңірімізде жүргізіліп жатқан шаралар қандай деңгейде?

– Иә, сыбайлас жемқорлық себептерінің алдын алу жұмысымыздың басты мақсаты ретінде белгіленіп отыр. Алдымызда жемқорлық фактісін анықтап, кінәлілерді жазалау ғана емес, сыбайластықтың пайда болу шарттары мен себептерін анықтау стратегиялық міндеті тұр. Атап айтсақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, жемқорлықтың жасалуына ықпал ететін жағдайдың көлемін кеміту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған іс-шараларды кеңінен жүргізу.

Жыл басынан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, оған деген «мүлдем төзбеушілік» қағидатын орнату, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар мемлекеттік органдарда талдау жұмыстарын жүргізу және оның деңгейін төмендету мақсатында біршама шаралар атқарылуда. Облыс аумағында 144 дәріс пен құқықтық оқу, 115 семинар мен семинар-тренинг, 14 тәжірибе конференция, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерімен 33 дөңгелек үстел, 28 кең көлемді шара өткізілді. Мемлекеттік органдарда өткізілген алдын алу шаралары 4000-ға жуық мемлекеттік қызметшіні қамтыды. Сәуір айында департамент бастамасымен Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында сыбайлас жемқорлықтың қоғамдағы алатын жағымсыз орнын көрсету мақсатында республикада бірінші болып сахналық қойылым ұйымдастырылды.

Білім мекемелерінің тәрбие беру жоспарларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды қосу қолға алынып, жоғары оқу орындарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» модельді пәні элективті топтар каталогына қосылды. Агенттік жұмыстың тиімділігін арттыру және бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту мақсатында ынтымдастық туралы «Ашық келісім» әзірлеген болатын. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыруға жалпы қоғамдық күштің біріктірілуін көздейтін және азаматтық қоғам институттарымен біркелкі келісім жасауға ыңғайлы механизм болып табылады.

–Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар мемлекеттік органдарда оның деңгейін төмендету жұмысына тоқталып өтсеңіз...

–Мемлекеттік органдардың қызметтерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында талдау жұмыстары жүргізетіндіктен анықталған кемшіліктерге сәйкес 21 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұдан бөлек сотқа дейінгі тергеу-тексеруде процессуалдық шешім қабылдау үшін департаменттің сотқа дейінгі тергеу басқармасына жолданған материалдар да бар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне алып келетін жағдайлардың бірі – қоғамның өз құқықтарынан хабарсыз болуы. Департамент мемлекеттік қызмет көрсететін органдарға халықты жүйелі түрде ақпараттандыруды ұсынып, бұл бағытта біркәрт жұмыстар жүргізілуде. Яғни, кез келген азамат қызметтің қандай мерзімде көрсетілетінін, ақылы немесе ақысыз негізде, қандай құжаттар керек деген мәселелерден хабардар болуы керек.

Департамент талдаушылары бағалары асырылған сатып алуларды анықтау мақсатында мемлекеттік мекемелердің сатып алу жоспарларына күнделікті мониторинг жүргізуде.



Осындай талдау жұмысы жыл басынан бері 316,1 млн теңге бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланудан сақтап қалды. Мысалы, облыстың аумақтық қорғаныс бригадасы басқармасының 292,6 млн теңгеге құрайтын 7 лоттан тұратын «Әскери киім-кешек пен әскери аксессуарлар жынтығын» сатып алуға қатысты конкурста сатып алу бағасын өсіру фактісі анықталды. Басқармаға бюджет қаражатының негізгісі жұмсалын болдырмау мақсатында ұсыныс жолданып, конкурс рәсімдері тоқтатылды. Нәтижесінде 139,9 млн теңгенің негізгісі жұмсалынуа жол берілмеді.

– Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқықбұзушылықтарға жол берген мемлекеттік қызметшілерге шара қолданылатын тәртіптік кеңес ұсыныстары мен қабылданған шешімдер қаншалықты нәтижелініп беруде?

– Тәртіптік кеңес қарауына қылмыс құрамы жоқ, алайда мемлекеттік қызметкерлерге қатысты құқық бұзылуға жол берілетін деректер ұсынылады. Тәртіптік жазаға тартылған 36 қызметкердің 13-і «Ар-намыс» кодексі, 23-і сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын бұзғандар.

– Жалпы облыстағы жемқорлық қылмыстың ахуалы қандай?

– Жыл басынан 143, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құрамы бар 115 сотқа дейінгі тергеу тіркелсе, паракорлық деректері бойынша 47 іс тіркелген. Сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыстық істер бойынша 31 тұлғаға сот үкімдерінен түрлі жазалар тағайындалды. Аяқталған қылмыстық істер бойынша анықталған 202,9 млн теңге залалдың 197,4 млн теңгесі өндірілді.

– Мұрат Секешұлы, сыбайлас жемқорлықпен күрес ұзақ мерзімді қажет етеді. Бұл орайда, жақсы нәтижеге жету үшін тағы қандай кезек күттірмес шаралар қарастыру қажет деп ойлайсыз?

– Аристотель өз заманында-ақ биліктері адамның мемлекетте бірнеше қызметте болуына тыйым салу – жемқорлықтың алдын алатын тиімді жол деп таныса, ежелгі Африкада әрбір азаматтың, әсіресе билік төңірегіндегілердің қандай табыспен өмір сүріп жүргеніне есеп беріп міндеттейтін заң болған. Көрсеткіштері елгежауыр мемлекеттердің өзі жақсы нәтижелерге ұзақ жылдар бойғы табандылық танытуымен ғана қол жеткізген.

Еліміздің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдық белсенді саясатын тек мемлекеттік органдар емес, ел-жұрт болып жалғастыру міндеті тұр. Мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдалану, жер қатынастарын мен құрылыс, құдық қорғау органдары, кеден, денсаулық, білім саласы және халыққа қызмет көрсету жүйесіндегі жемқорлық ахуалын халық жиі айтады. Осы бағыттағы құқық бұзушылықтардың себеп-салдарын және жемқорлыққа ықпал еткен мән-жайларын түбегейлі анықтау қажет. Бұларға қатысты ұлттық заңнамаға тұрақты түрде талдау жасап, олқылықтарды зерттеу, тиімді халықаралық озық тәжірибелерді енгізу жұмыстарын жандандыру – сұранып тұрған мәселе.

– Өңірімізге рахмет!

Әңгімелескен
Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Облысымызда «Мүмкіндігі шектеулі жастардың клуб қызметін ұйымдастыру» жобасы жүзеге асырылады. Бұл туралы «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте «Өркениетті Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің басқарма президенті Жакып Шаймұханбетұлы мәлімдеді.

Жоба облыс тұрғындарының, соның ішінде әлжуаз топтар өкілдерінің әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында Қызылорда қаласы әкімдігінің қолдауымен, БҰҰ Даму бағдарламасы және «Өркениетті Қазақстан» ұйымы арасындағы келісім негізінде қолға алынып отыр.

– Ерікті жастардың көмегімен жүргізілген талдау нәтижесіне қарай мүмкіндігі шектеулі жастарға қажетті курстар бағытын анықтадық. Оған құқықтық оқыту, психологиялық тренингтер өткізу, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасауды үйрету, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін түсіндіру қамтылады, – деді Ж.Шаймұханбетұлы.



Брифингте Қызылорда облысы бойынша БҰҰ Даму бағдарламасы бірлескен бағдарламасының кеңесшісі Қ.Зертұймеев, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Қ.Құракбаева жобаның өзектілігіне тоқталды.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.



2015 жылдың 4 желтоқсанында Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі лауазымына Шмарина Елена Вячеславовна тағайындалды.

Елена Вячеславовна 1975 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1997 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын экономист мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы Қызылорда қалалық экономика бөлімінің маманы ретінде бастаған. 1998-2007 жылдары – Қызылорда қалалық экономика бөлімінің аға

тағайындалғанға дейін облыс әкімі орынбасарының көмекшісі лауазымында болған.

Алдағы уақытта Е.Шмарина аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне, дағдарысқа қарсы бағдарламаның іске асырылуына үлес қосатын болады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖАҢА КЕҢЕСШІСІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыс активіне жаңадан тағайындалған облыс әкімінің кеңесшісі Елена Шмаринаны таныстырды. Еңбек жолын 1997 жылдан бастаған Е.Шмарина осы уақыт ішінде өзін жоғары білікті маман ретінде көрсетті, мемлекеттік қызметтің мектебінен өтті. Жаңа қызметке

ТАҒАЙЫНДАУ

2015 жылдың 4 желтоқсанында Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі лауазымына Шмарина Елена Вячеславовна тағайындалды.

Елена Вячеславовна 1975 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1997 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын экономист мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы Қызылорда қалалық экономика бөлімінің маманы ретінде бастаған. 1998-2007 жылдары – Қызылорда қалалық экономика бөлімінің аға

маманы, Қызылорда облысы әкімі орынбасарының аға референті, жетекші маманы, бас маманы, бас инспекторы. 2007-2008 жылдары – Қызылорда облысы әкімі аппаратының экономикалық талдау және аймақтық даму бағдарламалар мониторингі бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі. 2008-2015 жылдары – Қызылорда облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінде бас инспектор, әлеуметтік-экономикалық және талдау секторларының меңгерушісі, облысы әкімі орынбасарының көмекшісі лауазымдарында қызмет атқарған.

Жуырда Алматы қаласында «Діни білім тұтастығы – діни тұрақтылық көпірі» атты республикалық тәжірибелік конференция өтті. Осы ретте ҚР Мәдениет және спорт министрі Дін комитеті жанындағы дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Айнұр Әбдірәсілқызының Е-islam.kz сайтында жарияланған сұхбатын ұсынып отырмыз.

– Айнұр Әбдірәсілқызы, конференцияға қатысып қайттыңыз. Бұл шараның Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының қабылдануына орналастырылғаны бәрінеме мәлім. Шара несімен ерекшеленді?

Шара аясында еліміздегі барлық медреселер басшылығымен кездесу өткізіліп, білім берудің әдістемелік мәселелері талқыланды. Сонымен қатар сауат ашу курстарының ұстаздарымен және мешіт имамдарымен семинар-кеңес ұйымдастырылып, қабылданған тұжырымдаманы жүзеге асыру жолдары тжісіндірілді. ҚМДБ құрамындағы әйелдер ұжымымен – діни

алады. Осы өзгерістерге орай, медреселердің оқу бағдарламасы да біршама жетілдірілетіні анық. Кезінде медресе бітірушілеріне «ислам негіздерінің мұғалімі» және «имам-хатиб» мамандықтарын беру жөнінде тиісті органдардың шешімін алуға ықпал еткен болатынбыз. Ендігі кезекте, менің ойымша, білім жүйесіне педагогика мен психологияға, бастауыш және орта білім беру әдістемесіне қатысты пәндер енгізілсе, мамандықтар аясын кеңейтіп, «араб тілі мұғалімі», «бастауыш сыныптар мұғалімі» секілді мамандықтар қалыптастыруға негіз қаланады. Бұл әсіресе, медреседе білім алған қыз балалар үшін таптырмас мүмкіндік болар еді.

Құран қариларын дайындау орталықта-

Оңтүстік өңіріндегі медреселерге 600-ге жуық талапкер құжат тапсырған, дегенмен медреселердің базалық мүмкіндігіне сәйкес солардың жартысынан сәл астамы ғана оқуға қабылданған. Қазіргі діни ахуал жағдайында ата-аналар балаларының дін мәселелерінде көзі ашық, көкірегі ояу болғанын қалайтыны белгілі. Олардың елеулі бөлігі балаларының түбегейлі діни мамандық алып шығуынан гөрі, дұрыс діни жолмен жүруді үйренгенін көздейді. Сондықтан сұранысты мүмкіндігіне көбірек қанағаттандыру мақсатында медреселер ішінен ақыл бөлімдер ашу қажеттігі айқындалып отыр. Бұл, екінші жағынан бәсекеге қабілеттілікті күшейтіп, аталған білім жүйесінің беделін арттыруға да ықпал етер еді.

– *Иә, мәселесі көп жағдайда қаржыға тіреледі. Оны шешудің өзге қандай тетіктері бар?*

– Біздің тарапымыздан өз кезінде ҚМДБ жанынан медреселердің ортақ қаржылық қорын құру туралы ұсыныс айтылған бола-

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ: ДІНИ БІЛІМ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

білім мекемелеріндегі әйел ұстаздармен және «Нұр-Мұбарак» университетінің студент қыздарымен жеке кездесу өткізіліп, әйелдер аудиториясымен жұмыс жүргізу мәселелері талқыланды.

– ҚМДБ-ның білім беруді дамыту тұжырымдамасын дәл осы кезеңде қабылдаудың қандай себептері болды?

– Кез келген құжат қажеттілік іспін-жетілгенде қаралып, қабылданатыны белгілі. Бұл тұжырымдаманың жасақталуына Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің табиғи даму үдерісі және тәуелсіздіктен кейінгі қарқын алуы басты алғышарттар болды.

Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Орта ғасырларда бірінші ағамия мәдени кеңістікте өмір сүрген Орталық Азияда медреселер жүйесі ерекше қарқынмен дамыған. Ортағасырлық жазба мәліметтерде бір ғана Баласағұн қаласында 40 мешіт, 20 медресе болғаны айтылады.

Еліміздегі діни білім беру жүйесі ғасырлар бойы нақты тарихи ахуалға орай өзгерістерге ұшырап, онтайлы үлгілерде дамып отырды. Кеңес одағының атенстік билігі тұсында діни білім жүйесі біршама тоқырауға ұшырағанымен ғасырлар бойы жинақталған рухани тәжірибе халық жалпынан өсіп кете қойған жоқ.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін 1991 жылдан басталған жаңғыру үдерістерінің нәтижесінде ел аумағында көптеген діни білім беру ұйымдары ашыла бастады. Қазір ҚМДБ-ға қарасты 9 медресе, республикалық Имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, «Қауам ад-дин әл-Иткани әл-Фараби әт-Түркістан») республикалық қарилар дайындау орталығы, «Ықылас» қарилар дайындау орталығы секілді білім мекемелері жұмыс жүргізуде. ҚМДБ құрылтайшылық ететін «Нұр-Мұбарак» Мысыр ислам мәдениеті университетінің орны өз алдына бір төбе. Мешіттер жаңылдан ашылаған сауат ашу курстары мен қайырымдылық мекемелеріндегі курстардың ел аумағында көптеп қызмет атқаратыны белгілі.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіне өзара сабақтастыру және үйлестіру, үзілссіз білім жүйесін құру мақсаты, сөз жоқ, біртүтас тұжырымдаманың қабылдануына негіз болды. – *Тұжырымдама өзінің атап көрсеткен көп сатылы білім жүйесін қамти алаы ма?*

– Оз мүмкіндігі шегінде елеулі дәрежеде қамтыды деуге болады. Бастауыш діни білімнен бастасақ, тұжырымдамада мешіттер жаңылндағы сауат ашу курсының ең үш сатыға бөлініп, әрбір кезеңде оқылатын пәндер мен игерілетін білім деңгейі нақты белгіленген. Бұл білім алушылардың да, берушілердің де жоспарлы әрекеті мен жауапкершілігін күшейтеді.

Қайырымдылық мекемелерінің негізінде ашылған сауат ашу курстары да осы діни білім жүйесі аясында қамтылып отыр. Мұның ең аталған мекемелердің ҚМДБ-мен арадағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумына жүзеге асыруға мүдделілігін арттырды.

Медреселер жүйесінде елеулі жаңалықтар енгізу көзделген. Көптен бері қозғалғанымен, шешімін таппай келе жатқан мәселе – колледждік білім жүйесінің тәртібінен 9-сынып бітірушілерін медресеге қабылдау мүмкіндігі осы құжатта көрініс тапты. Олар үшін оқу мерзімі 3 жыл 10 ай болып белгіленген. Ал 11-сынып бітірушілері бұған дейін бекітілген тәртіптен 2 жыл 10 ай білім

алды. Осы өзгерістерге орай, медреселердің оқу бағдарламасы да біршама жетілдірілетіні анық. Кезінде медресе бітірушілеріне «ислам негіздерінің мұғалімі» және «имам-хатиб» мамандықтарын беру жөнінде тиісті органдардың шешімін алуға ықпал еткен болатынбыз. Ендігі кезекте, менің ойымша, білім жүйесіне педагогика мен психологияға, бастауыш және орта білім беру әдістемесіне қатысты пәндер енгізілсе, мамандықтар аясын кеңейтіп, «араб тілі мұғалімі», «бастауыш сыныптар мұғалімі» секілді мамандықтар қалыптастыруға негіз қаланады. Бұл әсіресе, медреседе білім алған қыз балалар үшін таптырмас мүмкіндік болар еді.

Құран қариларын дайындау орталықта-

ты. Бұл мәселені Діни басқарма онтайлы түрде қолға алып отырғаны медреселерді аймақтық деңгейде бірлес қаржыландыру мүмкіндіктерін іздестіріп отырғанынан аңғарылады.

Қоғам сұранысына қызмет ететін институтты әдетте қоғам мүшелері өздері қаржыландырады. Әлем тарихына аты алтын әріптермен жазылған Османлы мәдениетінің негізінде де уақытқы мәдениет жатыр. Қазақ жерінде де мұнаралы мешіттердің, мінберлі медреселердің, сәулетті сағаналардың бой түзеуіне шешуші ықпал еткен ортағасырлық ықпалды қаржы институты – уақыттық мәдениетті жаңа үлгіде жандандыратын кез келгені бұған дейінгі сұхбаттарымызда да қозғаған болатынбыз. Қайырымдылық қорлар мүмкіндігін тиісті арнаға көзін тауып бағыттай білген жөн.

– *Жоғарыда конференция аясында әйелдер аудиториясымен кездесу өткізілгенін айтап өттіңіз. Қарастырылған мәселелерге кеңірек тоқталсаңыз...*

– Діни білім мекемелеріндегі әйел ұстаздармен және «Нұр-Мұбарак» университетінің студент қыздарымен өткізілген кездесу барысында біздің тарапымыздан Орта Азия мұсылман әйелдерінің II форумын 2016 жылы Қазақстанда өткізу көзделіп отырғаны хабарланды.

Осы орайда, біздің Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы үстемдігі жылдың 7-8 желтоқсанында Дін істері комитетінің қолдауымен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен бірлесіп отырып, сол басқарма қарамағындағы діни сауат ашу курстары мен діни оқу орындарының ұстаздарына, аймақтардағы мұсылман әйелдері бірлестіктерінің жетекшілеріне арналған оқыту семинарын өткізеді.

Біздің тарапымыздан айтылған тағы бір ұсыныс – Қазақстан мұсылман әйелдерінің қоғамдық бірлестігін құру идеясы болды. Кездесуге қатысушылар бұл бастамаларды қызу қолдап, өз жұмыстары барысында кездесетін көптеген мәселелерді талқыға салды. Ортақ тәжірибе және пікір алмасу алаңына мұқтақ секілділері жетісе отырып, осы бағытта қоғамдық бірлестік филиалдарын әрбір өңірде құру, ақпараттық ресурстар жасақтап, басшылар шығару, радикалді идеология ықпалына түскен әйелдермен жұмыс жүргізу жөніндегі әдістемелік құралдар жасақтау жөніндегі идеяларын бірінен соң бірі ортаға салды.

– *Адағы семинар аясында қандай тақырыптар қамтылмақ?*

– Оқыту семинары барысында мемлекеттік-қоғамдық қатынастардың негізгі қағидалары, зайырлы мемлекет және жоғарғы рухани, исламдық дінаралық диалогтың рөл, дәстүрлі рухани құндылықтар және отансүйгіштік тәрбие, діни дәстүр сабақтастығы, исламдық «жиһал» ұғымының шындығы мен, неке, талақ және отбасы мәселелері және басқа да қазіргі өзекті діни-әлеуметтік және қоғамдық мәселелер бойынша дәрістер өткізу жоспарлануда. Дәрістер ретінде орталықтың, Дін істері комитеті мен ҚМДБ-ның мамандары тартылмақ.

Сонымен қатар, семинар аясында республика көлемінде құрылған «Қыз Жібек» клубтары өкілдерінің басқосуын өткізіп, мұсылман әйелдердің белсенді өкілдеріне арналған таныстырылманы жасау арқылы болашақта осы екі бағыттың үйлесі жұмыс жүргізуіне жол ашу көзделіп отыр.

Е-islam.kz
26.11.2015 жыл.

ОТАНДЫҚ МЕДРЕСЕ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан быылғы қарашада 2020 жылға дейінгі кезеңде діни білім беруді дамыту Тұжырымдамасының қабылдануы қоғамның рухани өміріндегі елеулі оқиға болғаны анық. Ел Тәуелсіздігінен кейін қолға алынып, іске асырылған ауқымды өзгерістер дін саласында да тысқары қалдырмады. Бұған бүгінгі күнде ел мұсылмандарының басын қосып отырған Діни басқарманың қоғамымыздың рухани тұтастығы мен тұрақтылығын сақтау мақсатында жүргізіп отырған белсенді жұмыстары дәлел бола алады. Сондықтан діни білім беру жүйесін бірізді арнаға қою мақсатын көздеген Тұжырымдаманың қабылдануы қоғамымыздың рухани кемелдену жолында қол жеткізген үлкен белесі болып табылады.

Тұжырымдамада діни білім алуды қалаушылардың сапалы білім алуы үшін лайықты жағдай орнатуға бас көңіл бөлініп, мешіт имамдарының қадірлық әлеуетін көтерудің маңызы мен қажеттілігі жоғары деңгейде және жүйелі негізде өзектендірілген.

Тұжырымдамаға сәйкес, діни білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер енгізу көзделіп отыр. Аталған құжатқа сәйкес діни білім алу жүйесі колледждік білім жүйесі тәртібіне көшіріледі. Демек, медреседе оқу мерзімі тиісінше 9-сынып түлектері үшін 3 жыл 10 айды, ал 11-сынып түлектері үшін 2 жыл 10 айды құрайды.

Сонымен қатар, арнаулы орта діни білім берумен айналысып отырған медреселердің оқу бағдарламасына теологиялық пәндермен қатар заманауи талаптарды ескертін зайырлы пәндердің көптеп қосылуы медресе түлектерінің көп көзқарастағы әмбебап маман болып шығуына мүмкіндік береді. Бұл – мемлекеттік стандартқа сәйкес білім алған медресе түлектеріне ҚМДБ жүйесімен қатар мемлекеттік мекемелер мен ғылыми-зерттеу және талдау салаларында қызмет атқаруларына үлкен жол ашылады деген сөз.

ҚМДБ тарапынан діни білім беру тұжырымдамасының қабылдануы дер кезінде қолға алынған және жан-жақты қолдауға тұрақтылық құжат.

Гүлнұр РЕЙМБЕРГЕН.

ЖОБА

2016 жылға аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін (егіс алқаптарының болжамды құрылымына қарай) белгілеу туралы

«Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №4-2/664 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылға аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (егіс алқаптарының болжамды құрылымына қарай) белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл ша-

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «__» №__ қаулысымен бекітілген

2016 жылға аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (егіс алқаптарының болжамды құрылымына қарай)

№	Аудандар	Егіс көлемі, гектар	Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ буандарының тұрқымын 1 гектарға сатып алу (пайдалану) төменгі нормалары, килограмм	Бірінші репродукциялы және бірінші ұрпақ буандар тұрқымын сатып алу (пайдалану) көлемі, тонна	Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ буандары тұқымын сатып алу (пайдалану) нормативі, тонна	Жалпы сомасы, теңге
Күрші						
1	Жаңақорған	7786	6,36	49,5	64870	3211065
2	Шиезі	10000	6,36	63,6	64870	4125732
3	Сырдария	17213	5,63	66,9	64870	6285963
4	Жалағаш	17600	5,63	99,1	64870	6428617
5	Қармақшы	13495	5,63	75,9	64870	4923633
6	Қазылы	7510	5,97	44,8	64870	2906176
7	Қызылорда қаласы	2695	5,63	15,2	64870	986024
8	Облыс бойынша	76299		445	64870	28867150
Жүгері						
1	Жаңақорған					
2	Шиезі					
3	Сырдария	120	39,00	4,7	67275	316192,5
4	Жалағаш					
5	Қармақшы					
6	Қазылы	700	39,00	27,3	67275	1836607,5
7	Қызылорда қаласы					
8	Облыс бойынша	820		32,0	67275	2152800
Арпа						
1	Жаңақорған					
2	Шиезі					
3	Сырдария					
4	Жалағаш					
5	Қармақшы					
6	Қазылы					
7	Қызылорда қаласы	60	10,4	0,6	18812,3	11287,4
8	Облыс бойынша	60		0,6	18812,3	11287,4
Мақсары						
1	Жаңақорған	3500	0,38	1,33	39920	53093,6
2	Шиезі	1058	0,38	0,40	39920	15968
3	Сырдария	51	0,35	0,02	39920	798,4
4	Жалағаш	400	0,35	0,14	39920	5588,8
5	Қармақшы	305	0,35	0,11	39920	4391,2
6	Қазылы	50	0,37	0,18	39920	7185,6
7	Қызылорда қаласы					
8	Облыс бойынша	5364		2,18	39920	87025,6
Барышты қондырғыш шөптер						
1	Жаңақорған	4000	13,00	52,0	386650	20105800
2	Шиезі	3000	13,00	39,0	386650	15079350
3	Сырдария	3069	13,00	39,0	386650	15427335
4	Жалағаш	4500	13,00	58,5	386650	22619025
5	Қармақшы	2479	13,00	32,2	386650	12450130
6	Қазылы	2510	13,00	32,6	386650	12604790
7	Қызылорда қаласы	400	13,00	5,2	386650	2010580
8	Облыс бойынша	19958		259,4	386650	100297010

СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ХАЛЫҚ СЕНІМІ АРТА ТҮСЕДІ

Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарындағы сот ісін жетілдіруге қатысты тапсырмаларына сәйкес, Азаматтық процестік кодексі әзірленген болатын. Мемлекет басшысы бұл құжатқа былғы қазан айының соңында жариялы түрде қол қойды.

Кодекс мемлекетіміздің құқықтық кеңістігін түбегейлі жақсартуға арналған. Демек, егер аталған кодексте қарастырылған нормалар жүзеге асса, сот процестері ашық өтіп, тиісінше, халықтың сот жүйесіне деген сенімі артады. Кодекстің негізгі мақсаты – азаматтардың, заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта тиімді қорғау, дауларды қарау мен шешудің жеделдігін арттыру, сот актілерінің сапасын қамтамасыз ету.

Ұлт жоспарының 16-қадамын іске асыру мақсатында азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот төрелігі жүйесін үш сатылы жүйеге көшіру көзделген. Сонымен

қатар, 26-қадамда көрсетілген азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі сот істерін қарауға прокурордың қатысуын қысқарту мәселесі де осы кодекс шеңберінде іске асырылады.

Сонымен қатар, құжатта сотқа жүгініп, дауды ұшықтырмай-ақ, тараптар өзара мәмілеге келу жолдары арқылы да түйткілді дүниенің түйінін тарқтауға болатыны көрсетілген. Яғни, татуластыру шаралары кезінде азаматтарға сотқа барудың қажеті жоқ. Себебі, сотқа кететін қаражат шығыны да, моральдық жағынан кететін «шығын» да орасан. Ал татуластыру шаралары арқылы азаматтар өздерінің қарама-қайшылыққа толы қарым-қатынастарын бір ізге түсіре алады.

Сонымен қатар азаматтық сот жүргізу ісінде ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі кеңейеді. Осы бағыт аясында сот отырыстарын тіркеп-қорсету мүмкіндігі болады, барлық тарап оның жазба көшірмесін ала алады. Бұл жағдай сот жұмысының анықтығын айтарлықтай арттырады.

Алуа БАЙБОЛАТОВА, Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы.

ЖОБА

Әкімшілік-аумақтық құрылыстың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес Жалағаш, Жаңақорған аудандық өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып, Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Таратылсын:
1) Жалағаш ауданы Жаңадария ауылдық округінің Сәтбай ауылы;
2) Жаңақорған ауданы Қырқенсе ауылдық округінің Қорасан ауылы.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев
Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 42-сессиясының төрағасы Қ.Әзізбеков
Қызылорда облыстық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушысы Қ.Бисенов

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №18-02/45 бұйрығымен бекітілген «Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру» қағида-сының 7-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігі «Шымкент аудандық пайдалану бөлімі» РММ-не «45 657,9 га тұрақты жер пайдалану құқығын табыстау» жөніндегі қоғамдық тыңдау 2015 жылы 28 желтоқсан сағ: 15.00-де Қызылорда қаласы, Қорқыт-Ата әуе жайында орналасқан 66597 әскери бөлімінде өтетінін хабарлаймын. Байланыс тел.: 8(7252)-53-19-06.

Ескертулер мен ұсыныстарды мына электрондық поштаға kmb@mail.ru немесе 8(7252)-53-19-06 телефон нөміріне қоюғауа шалыңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«СНПС – Ай Дан Мунай» АҚ ҚР Экологиялық кодекстің 57-бабына байланысты, жоба бойынша қоғамдық пікір есебін жүргізеді:

«Оңтүстік-Батыс Сарыбұлақ кен орнында терендігі 2600м және 3600 м (+/-250 м) бағалау ұңғымаларының құрылысы және терендігі 2200 м, 2800 м, 3200 (+/-250 м) озық табу ұңғымаларының топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ).

Мәліметтермен «СНПС - Ай Дан Мунай» АҚ және «ECOTERA» ЖШС компанияларында танысуға болады. Байланыс тел.: 8 (7242) 200 433. Электрондық мекенжайы: azima_@mail.com, pdv@ecotera.kz.

